

КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУҒА АРҚЫЛЫ ЭКОНОМИКАНЫ НЫҒАЙТАМЫЗ



Қазір ілім-білімге, жаңа технологияға әлем бойынша басымдық берілуде. Біз де халықпен кездесулерде осы ұғымды, «Ғылым таппай мақтанба» деген Абайдың сөзін айтып жүреміз. Ғалам үнемі өзгеріс үстінде, бір орнында тұратын ешнәрсе жоқ. Президенттің Жолдауда айтқан әрбір бастамасы елді жарқын болашаққа бастайды.

Өңдеу өнеркәсібін дамыту, жаңа инвестиция тарту – заман талабы. Мемлекет басшысы бұл ретте де Қазақстанның жаңа дәуірін қалыптастыратын игі бастамаларды сөз етті. Әсіресе, цифрландыру мәселесі, жасанды интеллектіні меңгеру, оның барлық мүмкіндіктерін пайдалану жағына ерекше мән берді.

Ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру қажеттігі де назардан тыс қалмады. Оның үстіне, қазіргі таңда агросалада су тапшылығы үлкен мәселеге айналған. Суды үнемдеп пайдалану, суды аз қажет ететін дақылдарды егу жайы да айтылды. Өз шешімін табуы тиіс әрі халықтың ойында жүрген мәселелер бүгін мінберде сөз болды.

Кәсіпкерлікті дамыту арқылы біз экономикамызды нығайта аламыз. Президент бизнестің дамуына кедергі болып отырған кейбір заң нормаларын қайта қарау керек екенін айтты. Әр жылдағы Жолдаудан көп үміт күткен халық үшін жақсы бастамалар серпін беретіні анық.

Мейрамбек ЕСЖАНОВ,

Қызылорда қалалық мәслихатының депутаты

Салық — болашаққа құйылған инвестиция

Маған Жолдаудан ерекше әсер еткен тұс – Президенттің «Салықтан түскен әр теңге халықтың игілігіне жұмсалуды тиіс» деген сөзі болды. Бұл қарапайым сөйлемнің ішінде үлкен мән жатыр. Біз күнделікті жұмыс істеп, табыс тауып, салық төлейміз. Көп адам салықты тек міндет деп қабылдайды.



Бірақ Президент айтып өткендей, ол міндет емес – ол халыққа қайта оралатын мүмкіндік. Салықтан түскен қаржы – біздің балаларымыз білім алатын мектептің құрылысына, ауыл-аймақтағы жолдардың жөнделуіне, жаңа ауруханалардың ашылуына, жастарға арналған спорт алаңдарының салынуына жұмсалуды керек. Яғни, әр төлеген теңгеміз – өзіміздің болашағымызға құйылған инвестиция.

Мемлекет те өз кезегінде адал еңбек етіп, салық төлеп отырған азаматты қорғауға, қолдауға міндетті. Бұл жерде басты мақсат – халық пен билік арасындағы сенімді нығайту. Біз төлеген әр тиын елдің дамуына, халықтың тұрмысын жақсартуға бағытталса, болашағымызға деген сенім де артады.

Ақманат ТӨЛЕГЕНОВА,

Қызылорда қалалық мәслихатының депутаты



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

13 қыркүйек
сенбі

№69 (2182)

2025 жыл

ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОСАЛДЫҚ немесе әкенің қадірі қашқан заман

Баласы әкесін ұрып, таяқтап жатқан видеосы қоғамды дүр сілкіндірді. Бұл оқиға қоғамда отбасындағы тәрбиенің артта қалып бара жатқанын көрсеткендей. Жағдайды талқылаған жұрт мұндай оқиғаның болуына о бастан тәрбиенің дұрыс берілмегендігін айтып пікірталас туғызды.



«Апталығы» коллажы

Иә, қазіргі таңда қоғамда болып жатқан зорлық-зомбылық әрекеттері бізді толандыруы тиіс. Себебі әрбір ата-ана баланың өсіп-өнуіне, тәрбиесіне жауапты. «Баланың теріс қылықтары отбасындағы зорлық-зомбылықты көріп өскеннен басталады», – дейді мамандар.

Күн сайын қатыгездіктің, зорлық-зомбылықтың күшейіп, жағдайдың ұшығып бара жатқанын көз көріп, құлақ естіп отыр. Отбасылық ұрыс-керіс, адамдардың бір-біріне қастандық жасауы азаймай тұр. Бейбіт ел, ынтымағы жарасқан халық болғанымызбен қатыгездік қаптап барады. Үлгілі отбасын құру, жібі түзу жан болу адамның өз қолында емес пе? Олай болса бір-бірімізге қорлық көрсетуге неге асықпыз?!

ӘКЕНІҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ АРАЛАСУЫ – ОТБАСЫНДАҒЫ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Әке. Бұл сөз кім-кімге болса да жақын, жүрекке жылы тиетін сөз. Әкенің бала үшін орны ерекше биік, жоғары. Ол сол шаңырақтың бар ауыртылығын көтереді. Әке – бала үшін

аскар тау. Ол – отбасы мүшелерінің қамқоры. Осындай асқар тау әкенің неге тауы шағылды? Өз баласынан таяқ жеп жатқан әкенің халі қоғамның әлсіз тұстарын көрсеткендей болды. Мұндай жағдай қайталанбас үшін ер азаматқа әкеге деген құрметті арттыра түсу қажет.

Асқар таудай жанның арқасында оқыдық, тоқыдық, отбасын құрдық. Қазіргі таңда бес баланы тәрбиелеп, олардың жауапкершілігін аркалап отырған аянамын. Осы орайда, балаларыма әкені сыйлауды, оны құрметтеп отыруға мән беріп келемін. Көп нәрсе отбасында алған тәрбиеге тікелей байланысты. Мәселен, қазір шаңырақтардың көбінде әйелдердің үстемдігі байқалады. Кей үйлерде тіпті отағасыға деген құрмет те аз. Мұның себептері сан қилы ерек не жұмыссыз, не табысы мардымсыз. Қалай десек те, отбасындағы тізгінге ие бола алмай жүрген ер-заматтар аз емес. Ал үйде осындай «тәрбие» көріп өскен, әкесін адам деп санамайтын, шешесінің айтқанына ғана құлақ асатын ұлдан ертең жігерлі жігіт, айбынды азамат шығады дегенге қалай сенесіз? Сол үшін де отбасылық тәрбиені қайта

қалпына келтіруіміз, әулеттегі әке рөлін, ер-азамат бағасын орнықтыруымыз қажет-ақ.

– Ең алдымен бір маңызды жайтты атап өткім келеді, барлық отбасындағы жағдай бірдей емес. Кей отбасыларда әкелер бала тәрбиесіне белсенді қатысып, үлгі болып жүр. Дегенмен, қазіргі қоғамда әкенің рөлі әлсіреп бара жатқанын байқауға болады. Бұған бірнеше фактор әсер етеді: әкелердің отбасын асырау үшін өзге қалада немесе шетелде жұмыс істеуге мәжбүр болуы, олардың бала тәрбиесіне күнделікті қатысуын азайтады. Сондай-ақ қоғамда әлі де бала тәрбиесі ананың міндеті деген түсініктің басымдығы әкенің белсенділігіне кедергі келтіреді. Сонымен қатар кей ер адамдардың әкелік жауапкершілікке психологиялық тұрғыда дайын болмауы да олардың эмоционалды қолдау көрсетуін шектейді. Сондай-ақ қазіргі медиакөрсеткіште әкені тек асыраушы ретінде ғана көрсететін немесе оның беделін төмендететін бейнелердің жиі кездесуі қоғамдағы жалпы көзқарасқа әсер етіп отыр, – дейді отбасылық психолог Уәлихан Өміргалиұлы.

3-БЕТТЕ

ОТЫЗ ЕКІ ТІСІҢ ТҮГЕЛ БОЛСА, ОТЫЗ РУЛЫ ЕЛ КҮЛМЕЙДІ



Тістерінің арасынан сәуле сығалайтындар көп. Тістің саулығына мән беретіндер аз. Сондықтан, жағдай шиеленісіп, ауру асқынғанда барып, маржандай тісті түп-түқиянымен жұлып тастауға ғана тіс емханасына аяқ басатындар жетерлік. Орталықтағы аттап бассаң, тіс емханасына тап болатыныңыз да сол, бүгінгі сұраныстың көптігінен болар. Оның үстіне, қазіргі таңда тіс дәрігері мамандығы бойынша мемлекеттік грант мүлдем жоқ леуге болады. Балаңызды тіс дәрігері маманы қылғыңыз келсе, көп жағдайда ақылы негізде оқытасыз. Өйткені, саусақпен санарлық орыннан бағы мен бабы келіскендердің ғана аты озатыны мәлім. Мұның барлығының жай-жапсарын, тіс емханаларын аралап жүріп, зерделеп көрген едік.

Бүгінде статистикаға сүйенсек, әлем халқының әрбір екінші адамы тіс ауруынан зардап шегеді. Қазақстанда да жағдай мез емес. Отыз екі тісі сау адамды көру тіпті кын. Былайғы жұрт тіс емдетуге келгенде қалтасынан қағылып, бір айлық табысын бір тісіне жұмсап жатады. Кейбірі амалсыздан қарыз алып, несие рәсімдеп, тіпті зейнеттақы қорындағы қаржысын жұмсауға бел буады. Емделудің орнына тісін жұлдырып тастауға да мәжбүр болатындар жеткілікті. Ал орнына жаңа тіс салдырудың бағасы тіптен шарықтап кеткен. Бір сөзбен айтқанда, стоматология қол жетпес емге, қол жетпес мамандыққа айналып бара жатқандай. Жә, әңгіменің әлкісасын бірден стоматологияға бөлінген грант санынан бастайықшы. Бұл салаға оқуға түсейін десе, жас түлектерге грант тапшы, тісін емдетейін десе қарапайым халықта ақша тапшы. «Бір кем дүние» дерсің. Дүние емес, стоматология десек орынды болар.

Бұл түйткіл мәселенің түйіні неде? Қазіргі таңда елімізде медициналық мамандықтарға жыл сайын бес мыңнан астам грант бөлінгенімен, стоматология саласына бөлінетін гранттар саны саусақпен санарлық. Бір орынға кем дегенде отыз бес талапкер таласады. Жас түлектер үшін бәсеке өте жоғары. Мәселен, 2025 жылы ҚазҰМУ-ға түсу үшін ең төменгі грант балы 136 балл болса, Қарағанды медицина университетінде бес грант ғана бөлініпті. Соңғы түлек 135 баллмен түскен. Х.А.Яссауи атындағы университетте бір ғана грант бөлініп, 135 баллмен түскен. Ауылдық квота бойынша Оспанов атындағы университетке 132 баллмен соңғы түлек түскен. Демек, стоматология мамандығында грантта оқу үшін ҰБТ-дан кемі 135 балл жинау шарт. Сонымен қатар «Алтын белгі», «Үздік аттестат» алған түлектер талапкерлер арасында конкурста бір қадам алда екенін ұмытпағанымыз жөн.

4-БЕТТЕ

ЕРЕКШЕ ЖАНДАРҒА АРНАЛҒАН МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ



Қоғамдағы әрбір адамның орны бөлек. Әсіресе ерекше жандардың өз әлеуетін толық ашып, өмірге деген құлшынысын арттыруына қолдау көрсету мемлекетіміздің әлеуметтік саясатының басым бағыттарының бірі. Осы тұрғыда №2 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы үлкен жауапкершілікті аркалап, ерекше жандарды қоғамға бейімдеу, ортаға қалыптастыру бағытында қарқынды жұмыс жүргізіп келеді.

Мұнда әрбір қызмет алушы өзіне қажетті жағдайды таба алады. Арнайы жабдықталған спорт және жаттығу залдары денсаулықты нығайтуға, күш-жігерін шыңдауға мүмкіндік берсе, колонер үйірмелері шығармашылық қабілеттерін дамытуға жол ашады. Сонымен бірге кәсіби психологтың қолдауы мен шаштараз секілді тұрмыстық қызметтер де қарастырылып, ерекше жандардың өзін-өзі сенімді әрі еркін сезінуіне жағдай жасалған.

Айта кетерлігі бұл орталықтың басты мақсаты – тек қолдау көрсету ғана емес, әрбір жанды қоғам өміріне белсене араластыра білу. Мұндағы қызметкерлер әрбір азаматты дербес тұлға ретінде қалыптастыруға, олардың қоғамда өз орнын тауып, сенімді өмір сүруіне ықпал етуге тырысуда. Осы бағыттағы табысты еңбектердің арқасында орталықтың тәрбиеленушілері өнерде де, спортта да айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізіп жүр.

2-БЕТТЕ



ЖАҢАРҒАН САЯБАҚ — ЖЫЛ БОЙЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ЛАГЕРЬ

Қаламыздағы тұңғыш Президент саябағы халықтың қарасы үзілмейтін, керемет демалыс орны. Бұл саябақ 2007 жылы пайдалануға берілген. Биыл саябақ аумағын кеңейту қолға алынып, жаңғырту жұмыстары басталды.

Жаңа жоба бойынша мұнда халықтың сұранысына сай автокөлік тұрағы бар, гүлзарлармен көмкерілген, халық демалатын жайлы орта болмақ. Саябақ ішінде 3 аллея, 6 субұрқақ, 5 амфитеатр, 7 балалар ойын алаңы, 4 спорт алаңы, 4 workout аймағы, 4 фудкорт, аттракциондар болады. Мұны бас мердігер «Bi Global» ЖШС қолға алған. Одан бөлек, теннис үстелдері, айналымалы дөңгелек аттракцион, тамақтану ғимараттары, би алаңы, стритбол, вело, жүгіру жолақтары, сахна, саябақ ішіндегі сарқырама каналдары, канал үстінен көпірлер, шахмат, баскетбол, футбол алаңдары, арқан саябағы, модульдік-санитарлық ғимарат орналастырады.

Сонымен қатар саябақта жыл бойы үздіксіз жұмыс істейтін 300 орындық заманауи балалар тынығу лагерінің құрылысы басталған. Бұл туралы «Білім келешегі: Адал азамат, кәсіби маман» атты облыстық тамыз мәслихатында аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев атап айтты.

— Бұл жерде балалардың дария жағалауында серуендеуіне, таза ауамен тыныстауына жағдай жасалады. Лагерь жеткіншектердің бойына күш-қуат жинайтын, көңілін сергітіп, білімін шыңдайтын ерекше орын болмақ.

Оған қоса, саябақта ботаникалық білім беру орталығының (қысқы бақ) ғимараты салынууда. Бақ ішінде Қытай, Оңтүстік Африка, Жапония, Оңтүстік және Орталық Америкада өсетін жасыл желектер егіледі. Бұл жас өрендердің ой-өрісін кеңейтіп, өсімдіктердің экожүйедегі маңызын түсінуіне мүмкіндік береді. Жасыл екпелерді өсірудің ерекшеліктерін, табиғатты аялауды тәжірибе жүзінде үйренеді. Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасына лагерьді жыл соңына дейін аяқтауды тапсырамын. Балаларымыздың бос уақытын жаңа жайлы саялы орында, қауіпсіз ортада тиімді өткізуіне жағдай жасау мақсатында бірнеше саябақ, аллеялар мен скверлер салынып, қайта жаңғыртудан өтуде, — деді облыс әкімі.

Сондай-ақ саябақта ботаникалық білім беру орталығы, яғни қысқы бақ салынууда. Саябақтағы нысандар пайдалануға берілген уақыттан бастап, балалар демалу үшін жаз мезгілін күтіп жүрмейді. Сол сәттен бастап жыл он екі айды пайдалы әрі тиімді



етіп өткізуге мүмкіндік болады. Жыл он екі ай бойы жұмыс істейтін лагерь тек демалыс пен ойын-сауық қана емес, олардың әр түрлі бағытта дамуына ықпал ететін алаң болмақ.

Иә, бүгдүшіндердің демалысын қызықты өткізу үшін облыста түрлі шаралар ұйымдастырылып, жазғы лагерьлермен қамтылған. Десе де жыл он екі ай бойы жұмыс істейтін лагерь балалар үшін пайдалы болары анық. Бұл жаңалықты естіген өрендердің көңілі шаттыққа бөленетіні сөзсіз.

— Балалар бос уақытын тиімді әрі жайлы ортада өткізу үшін аймағымызда ауқымды жұмыстар жасалуда. Саябақта салынып жатқан лагерь туралы естіп, қуанып жүрміз. Мұндай орындар балдәурен шактың бал дәмін ұмытпастай етіп

өткізуге мүмкіндік береді. Әрбір бала жаңа қырынан ашылуға жағдай жасалады. Лагерьлер ой-өрісті дамытып, танымдық дүниелермен танысуға таптырмас орын, — дейді 7-сынып оқушысы Нұрсезім Шәкірбек.

Лагерь баланың қоғамдық өмір дағдыларын дамытып, өзін-өзі басқаруын, ұқыптылығын шыңдайды. Мұнда әрбір бала түрлі шараларға қатысып, ой-өрісін дамытып, талай-талай танымдық дүниелермен танысады. Сондықтан да тек жаз мезгілінде ғана емес жыл он екі ай бойы балғындардың денсаулығын сауықтырып, шығармашылығын дамыту — бүгінгі күннің басты міндеті.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

ЕРЕКШЕ ЖАНДАРҒА АРНАЛҒАН МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ

— Біздің орталықта 500-ге жуық адам арнайы әлеуметтік көмек алуға. Қызмет алушылардың барлығы үшін жағдай жасалған. Тек күнделікті қажеттіліктерді қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың рухани дамуына да көңіл бөлеміз. Театрға, мұражайға, бассейнге апарып, түрлі мәдени-танымдық орындармен таныстырамыз. Бұл олардың ой-өрісін кеңейтіп, өмірге деген құлшынысын арттыруға септігін тигізеді, — дейді орталық басшысы Мейрамбек Жаксылықұлы.

қана қоймай, ішкі рухын шыңдап, өмірге деген құштарлығын арттырады.

— Менің басты мақсатым — қызмет алушылардың мәдени ой-өрісін кеңейтіп, олардың рухани дамуына ықпал ету. Осы бағытта түрлі іс-шаралар өткіземіз. Мәселен, танымдық саяхаттар ұйымдастырамыз, концерттік бағдарламалар өткіземіз, LED экран арқылы ән айту мен бейнефильмдер көру мүмкіндігі қарастырылған. Сондай-ақ мәдени кештер мен шығармашылық сайыстар қызмет алушылардың бос уақытын

Психология — адамның жан дүниесіне үңілетін, оның ойы мен сезімін, ішкі әлемін қалыптастыруға көмектесетін ғылым. Әрбір адам кейде қолдауға, жан жылуына мұқтаж. Ал ерекше жандар үшін психологиялық көмек — олардың өзін-өзі тануына, қорқыныш пен күдіктен арылып, қоғамға сенімді қадам басыуына жол ашатын алтын көпір. Бұл бағыт жөнінде орталық психологы Әлия Нұрымбетова өз тәжірибесімен бөлісті:

арттыратын үлкен күш. Мұндағы спорт залдары заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп, әрбір қызмет алушының мүмкіндігіне қарай жаттығуына жағдай жасалған. Бүгінде орталық спортшылары түрлі деңгейдегі жарыстарда топ жарып, өңірдің намысын қорғап жүр. Шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ, волейбол, баскетбол, дартс сияқты спорт түрлерінен жүлделі орындар иеленіп келеді. Осындай толайым табыстардың артында орталықтың бас бапкері Нұрбол Ғалымұлының еңбегі тұр. Ол жеті жылдан астам уақытта орталықтағы ерекше жандарды спортқа баулып келеді.

— Спорт — тәңнің ғана емес, жанның да тәрбиесі. Біз үшін әрбір шәкірттің жетістігі үлкен мақтаныш. Соңғы жылдары спортшыларымыздың қол жеткізген нәтижелері қуантады. Түрлі қала, облыс және республика көлеміндегі жарыстарда біз өзіміздің мүмкіндігімізді дәлелдеп келеміз. Алматыда өткен халықаралық «Seni cup» турнирінде I орын алып, артында Астанадағы республикалық додада III орынды иелендік. Бұл — үлкен еңбек пен төзімділіктің жемісі. Сондай-ақ біздің мақтанышымыз Марат Ағибаев үстел теннисінен республикалық турнирде I орынды жеңіп алып, аймағымыздың атын асқақтатты. Мұның бәрі ерекше жандардың да спорт арқылы биік белестерді бағындыра алатынын дәлелдейді, — дейді жаттықтырушы.

Бұл жеңістер орталық ұжымының еңбегінің, ал спортшылардың табандылығы мен ерік-жігерінің нәтижесі.

— Қазір біздің шағын футбол командасы кезекті мәрте Алматы қаласында өтетін жарысқа аттанып барады. Біз үшін бастысы жеңіс емес, ең бастысы олардың бойындағы сенімнің нығаюы, өз-өзіне деген құрметі мен қоғамға бейімделуі. Нағыз күш — адамның рухында. Ал спорт сол рухты шыңдайды, — дейді Нұрбол Тәжібаев.

Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА,
Суретке түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Еңбек адамының қоғамдағы орны орасан. Бүгінде маңдай терін ел дамуына төгіп жүрген жұмысшы мамандықтарды насихаттау қарқын алды. Осы мақсатта Қызылорда қаласында өткен «Жас дәнекерлеушілер» байқауы жас буынның кәсібилігін шыңдап қана қоймай, олардың еңбегіне жаңа серпін, жаңа мәртебе сыйлады.

ЖАС ДӘНЕКЕРЛЕУШІЛЕР САЙЫС ТӨРІНДЕ

М.Ықсанов атындағы Қызылорда техникалық — IT жоғарғы колледжінде өткен сайысқа 15 жас дәнекерлеуші қатысты. Олар өздерінің білімін теориялық және тәжірибелік кезеңдерде сынап, мамандықтың қыр-сырын меңгерудегі ізденістерін көрсетті.



Осы салада 30 жылдан астам уақыт бойы еңбек етіп келе жатқан, колледждің аға шебері, өзі де осы білім ордасының түлегі Марат Дурманов дәнекерлеу мамандығының маңыздылығы туралы ойымен бөлісті.

— Бүгінгі таңда дәнекерлеуші — ең қажет мамандықтардың бірі. Қазіргі құрылыс, өндіріс, тіпті халықаралық нарықта да бұл кәсіпке сұраныс жоғары. Біздің түлектеріміздің біразы шетелде де еңбек етіп жүр. Әрине нағыз маман болу үшін тек қол шеберлігі ғана емес, шыдамдылық, жауапкершілік және ұқыптылық қажет. Дәнекерлеуші от пен темірдің ортасында икем ететін, соған қарамастан жүрегіңде жігері мықты болуы тиіс, — дейді аға шебер Марат Дурманов.

Байқау жас дәнекерлеушілерге өзін-өзі дәлелдеуге, тәжірибесін шыңдауға мүмкіндік берді. Теориялық бөлімде білімін көрсетіп, келесі кезеңге өткен 7 жас маман тәжірибелік кезеңде нақты өндірістік жағдайда жұмыс істеді. Бұл олардың кәсіби деңгейін айқындап қана қоймай, болашақ еңбек жолына жігер берді.

Жарыстың қорытындысы бойынша М.Ықсанов атындағы Қызылорда техникалық — IT жоғарғы колледжінің студенті Бақдәулет Аргынбекұлы жеңімпаз атанып, 150 мың теңге сыйақымен марапатталды.

Н.НҰҒЫМАДИЛЛА

Қызылорда қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Отбасын қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 8 айда атқарылған жұмыстары туралы

Орталық өмірлік қиын жағдайдағы адамдарды (отбасыларды) жергілікті атқарушы органдармен, ұйымдармен өзара іс-қимылдарды ұйымдастырады және тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған жандарды дер кезінде анықтап, оларға әлеуметтік-тұрмыстық, психологиялық-заңгерлік көмектер көрсетеді.

Орталық 2 бағыт бойынша жұмыс жасайды. Біріншісі, кеңес беру және кешенді сүйемелдеу бағыты (отбасылар мен азаматтарға психологиялық, құқықтық, әлеуметтік-экономикалық кеңес беру, оларды өмірлік қиын жағдайдан шығуға көмектесу және кешенді қолдау көрсету, арнайы мобильдік топ жұмысын үйлестіру), екіншісі әдіснама және ақпараттық ағарту жұмыстары (отбасы қолдау орталығының қызметін әлеуметтік тұрғыдан жетілдіру, отбасыларға көрсетілетін әлеуметтік қызметтердің сапасын арттыру және халық арасында ақпараттық-ағарту жұмыстарын жүргізу).

Орталық құрылғалы көптеген отбасыға баспана, денсаулық, құқықтық, психологиялық, әлеуметтік көмек бойынша кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Жыл басынан 1870 адамға консультациялық кеңес беру және сүйемелдеу жұмыстары жүргізілді, өмірлік

қиын жағдайға ұшыраған 36 ана «Қамқорлық» дағдарыс орталығына орналастырылды.

Бостандығынан айыру орындарынан босатылып, қазіргі таңда Қызылорда қаласы полиция басқармасының профилактикалық тізімдік есебіне алынған

37 тұлғалардың тұрмыстық жағдайын зерделеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, «FSM Social» платформасы арқылы 607 адамға консультациялық кеңес беріліп, сүйемелдеу жұмыстары жүргізілді. Жыл басынан қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында офлайн форматта 15 кездесу өткізіліп, оған 1634 адам қатысты. Оның 630-ы шот ашуға, 647-і реструктуризацияға, 357-і соттан тыс банкроттыққа қатысты мәселелер бойынша жүгінді. Сонымен қатар онлайн форматта 4353 адам тіркелді. Алдағы уақытта тіркелген адамдарға заңгерлер тарапынан қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша оқыту жұмыстары жүргізілетін болады.

2025 жылдың басынан демеушілер тарапынан 1314 отбасыға 1954 дана азық-түлік көмегі көрсетілді.

Сонымен қатар «Мектепке жол» акциясы аясында 240 оқушыға мектеп сөмкесі мен оқуға қажетті құрал-жабдықтар таратылды.

2024 жылдың шілде айынан бастап орталықта жеке кәсіпкерлердің тарапынан курстар ашылып оқытылуда. Бүгінге маникюр (14 адам), тігу және пішу (10 адам), шаштараз (17 адам) курстары бойынша 41 адам оқытылып, 16 адамға сертификат табысталды.

Қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі тарапынан тұрмыс төмен 7000 қолбалалы отбасыға «Мүз айдыны» және «Евразия» спорт кешініне тегін талон таратылды.

Ағымдағы жылдың басынан қала тұрғындарына отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу және ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерін ілгерілету бойынша 11 рет іс-шара өткізілді. Іс-шаралар отбасылардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, қаржылық сауаттылығын арттыруға, тұрмыстық қиындықтарды еңсеруге және қоғамдағы тұрақтылықты нығайтуға бағытталған.

Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің Отбасын қолдау орталығы

Құрметті Қызылорда облысының тұрғындары!



Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығы подполковник Шаңқұлов Жасұлан Бегенбайұлының ресми Instagram@ddo_kyzylorda_1 парақшасының ашылғанын хабарлаймыз. Бұл парақшаның басты мақсаты — әрбір облыс тұрғыны үшін ақпараттың ашық әрі қолжетімді болуы. Мұнда сіздер келесідей өзекті мәліметтерді таба аласыздар:

• мерзімді әскери қызметке шақыру тәртібі;

• шақыру науқанының кезеңдері;
• біздің өңірде шақыру қалай жүргізілетіні;
• шақыру туралы SMS-хабарлама алған жағдайда не істеу қажеттігі туралы;
• әскерге шақырылушының заңды түрде шегерім немесе босатылу жағдайлары;
• әскерге шақырылушылар мен олардың ата-аналарына қатысты жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар.
Бұл парақша әскери қызметке қатысты барлық мәселелер бойынша нақты әрі түсінікті жауап алу үшін жұмыс жасайды.

«ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»

АБАЙ
ҚҰНАНБАЕВ – 180ОТЫЗ
СЕГІЗІНШІ
СӨЗ

Әрбір ғалым – хакім емес, әрбір хакім – ғалым. Ғ а л ы м д а р ы н ы ң нақиясыбірлән мұсылман иман тақлиди кәсіп қылады. Хакімдердің ғаклиятыбірлән жетсе, иман якини болады.

Бұл хакімдерден мұрат – мұсылман хакімдері, болмаса ғайри діннің хакімдері – әгәрше фатлудни тәжидунни делінсе де, дүниенің һәм адам ұғлы өмірінің сырына жетсе де, діннің хак мағрифатына жете алмағандар. Бұлардың көбі – иманның жеті шартынан, бір алланы танымактан ғайри, яғни алтауына кімі күмәнді, кімі мүңкір болып, тақиклай алмағандар. Егер

бұлар дін ұстазымыз емес болса да, дінде басшымыз құдайдың елшісі пайғамбарымыздың хадис шарифі, хайру н-нас мән йафғу н-нас деген.

Бұл хакімдер ұйқы, тыныштық, әуес-қызықтың бәрін қойып, адам баласына пайдалы іс шығармақшына, яғни электрді тауып, аспаннан жайды бұрып алып, дүниенің бір шетінен қазір жауап алып тұрып, от пен суға қайласын тауып, мың адам қыла алмастай қызметтер істетіп қойып тұрғандығы, уа хусусан адам баласының ақыл-пікірін ұстартып, хак пенен батылдықты айырмекты үйреткендігі – баршасы нағиғлық болған соң, біздің оларға міндеткерлігімізге дағуа жок.

Бұл заманның молдалары хакім атына дұшпан болады. Бұлары білімсіздік, балки, бұзық фигыл, алинсан ғәдду ләма жәһилгә хисап. Олардың шәкірттерінің көбі біраз ғарап-парсыдан тұл үйренсе, бірліжарым болымсыз сөз бахас үйренсе, соған маз болып, өзіне өзгешелік беремін деп әуре болып, жұртқа пайдасы тимек түгіл, түрлі-түрлі зарарлар хасил қылады. «һай-һай!» менен, мақтаменен қауымды адастырып бітіреді. Бұлардың көбі әншейін жәһил түгіл, жәһилләр кібік талап болса, қайда хак сөздер келсе, қазір нысапка қайтсын һәм ғибраттанасың. Рас сөзге ор қазып, тор жасамак не деген инсап, құры өзімшілдік һәм әр өзімшілдік – әрбір адамды бұзатын фиғыл. Расқын бір аты – хак, хактын бір аты – алла, бұған қарсы қаруласқанша, мұны ұғып, ғадәләтпен тәтештеуге керек. Мұндай фиғылдардан күпір қауіп де бар. Және пайғамбарымыз салаллаАллаху халайһи уа салламнің «ақыр заманда бір жылдық бір күн болар» дегенде сахаба-и кәәмлар «бұл жылдық бір күнде намаз нешеу болар» деп сұрағанда: оның патуасын сол заманның ғалымдары білер деген сөзінен ғибрат-ланып қарасаң, замана өзгеруімен қағидалар өзгерілімгін білдіргені мағлұм болады.

Бұл күндегі тәхсилғұлум ескі медреселер тұрпында болып, бұл заманға пайдасы жок болды. Соған қарай Ғұсманияда мектеп харбия, мектеп рүшидиалар салынып, жана низамға айналған. Мұндағылар ұзақ жылдар өмір өткізіп, ғылымды пайдасыз ұзақ бахастар бірлән күнін өткізіп, мағишат дүниеде надан бір ессіз адам болып шығады да, харекетке лайығы жок болған соң, адам аулауға, адам алдауға салынды. Көбінесе мұндай ессіздердің насихаты да тасирсіз болады.

Дүниенің мағмурлығы бір түрлі ақылға нұр беріп тұратұғын нәрсе. Жокшылықтың адамы хайуандандырып жіберетіні де болады. Балки дүниенің ғылымын білмей қалмақтық – бір үлкен зарарлы надандық, ол құранда сөйілген: дүниеде кімде-кім өзіне өзгешелік бермек қасты бірлән малға махаббатын аударған дүние болмаса, ихсанда қолым қысқа болмасын деп һәм өзім біреуге тамғылы болмайын деп, малға махаббатын аудармай, ізгілікке бола халал кәсіпбірлән тапқан дүние емес.

Біз ғылымды сатып, мал іздемек емеспіз. Мал бірлән ғылым кәсіп қылмақпыз. Өнер – өзі де мал, өнерді үйренбек – өзі де ихсан. Бірақ ол өнер ғадәләттен шықпасын, шарғыға муафий болсын. Адамға хәліңше ихсанды болмақ – қарыз іс. Бірақ өзгелердің ихсанына сүйенбек дұрыс емес.

Молдалар тұра тұрсын, хұсусан бұл заманның ишандарына бек сәк болғандар. Олар – фитнә ғалым, бұлардан залалдан басқа ешнәрсе шықпайды. Өздері хукім шариятты таза білмейді, көбі надан болады. Онан асып өзін-өзі әһл тарикат біліп және біреуді жеткізбек дағуасын қылады. Бұл іс олардың сыбағасы емес, бұлардың жеткізбегі мұхал, бұлар адам азырушылар, хатта дінге де зарарлы дүр. Бұлардың сүйенгені – надандар, сөйлегені – жалған, дәлелдері тасбығы менен шалмалары, онан басқа ешнәрсе жок.

Енді біліңіздер, перзенттер! Құдай тағаланың жолы деген жол ниһаятсыз болады. Оның ниһаятына ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді. Дүниеде түпкі мақсатың өз пайдаңа болса, өзің ниһаятсыз, ол жол құдайдың жолы емес. Ғаламнан жылысын, маған құйылсын, отырған орныма ағып келе берсін деген ол не деген нысап? Не түрлі болса да, я дүниенің, я ақылдың, я малыңнан ғадәләт, шапағат секілді біреулерге жақсылық тигізбек мақсатың болса, ол жол – құданың жолы. Ол – ниһаятсыз жол, сол ниһаятсыз жолға аяғыңды берік бастың, ниһаятсыз құдаға тақырып хасил болып хас езғу құлдарынан болмақ үміті бар, өзге жолда не үміт бар?

Кейбіреулердің бар өнері, мақсаты киімін түземек, жүріс-тұрысын түзетпек болады да, мұнысын өзіне бар дәулет біледі. Бұл істердің бәрі өзін көрсетпек, өзін-өзі базарға салып, бір ақылы көзіндегі ақымқартарға «бәрекелді» дегізбек. «Осындай болар ма едік» деп біреулер талаптанар, біреулер «осындай бола алмадық» деп күйінер, мұнан не пайда шықты? Мұнша әуреленіп, сыртыңды бір сүйген қауымына ұқсастарсың? Сыртқа қасиет бітпейді, алла тағала қарайтұғын қалыбыңа, боямасыз ықыласына қасиет бітеді. Бұл айнаға табынғандардың ақылы қаншалық өсер дейсін? Ақыл өссе, ол түпсіз терең жақсылық сүймектікбірлән өсер.

Басы өткен санда. Жалғасы келесі санда.

ОТЫЗ ЕКІ ТІСІҢ ТҮГЕЛ БОЛСА,
ОТЫЗ РУЛЫ ЕЛ КҮЛМЕЙДІ

Ал грантка түсе алмағандар үшін ақылы бөлімнің бағасының құны маңына жуытпайды. Алматыдағы Қазақ ұлттық медицина университетінде стоматологияны оқу құны жылына 1,3-1,5 миллион теңге болса, Астана медицина университетінде 1,2-1,4 миллион теңге, Қарағандыда 1,1-1,3 миллион теңге. Жекеменшік университеттерде тіпті 2 миллионға дейін барады. Бұл қаражатты көпбалалы отбасы түгілі, орташа жаалақы алатын жанұяның өзі көтере алмайды. Жас түлектер үшін бұл мамандық қолжетпес арманға айналып кеткен.

Ал аймақтарға көз жүгіртсек, Қызылорда медициналық жоғары колледжінде биыл стоматология мамандығына 20 студент мемлекеттік грант негізінде қабылданды. Бұл, әрине, өңірлік деңгейде үлкен мүмкіндік. Алайда студенттердің өздері «ертең дипломды қолымызға алған соң жұмыссыз қалмаймыз ба?» деген күдіктен арыла алмай жүр. Өйткені стоматолог мамандығына сұраныс жоғары болғанымен, олардың барлығы дерлік жеке клиникаларда жұмыс істейді.

Мамандыққа сұраныс қайдан туды? Әрине, тіс ауры өршімесе, дәл мұндай сұраныс болмас еді. «Дария Дент» стоматологиясының дәрігері Алмат Тапаловтың айтуынша, қазір тіс ауруының көбеюіне үш негізгі фактор әсер етеді. Біріншіден, экологияның нашарлауы. Екіншіден, дұрыс тамақтанбау, яғни балалар фаст-фуд, чипсы, газды сусындарға әуес болуы жатады. Бұл тағамдар тістің эмалінің бұзылуына әкеліп соқтырады. Үшіншіден, ауыз қуысының гигиенасын дұрыс сақтамау.

Бұл қатарда көпшілік тісін 15-30 секунд қана жуып қояды, ал тіс пастасының әсер етуі, ауыз қуысында таралуына кем дегенде 2-3 минут қажет. Тек тіс пастасымен тазалап қою салу аздық етеді. Тіс араларын дәріханаларда сататын арнайы жіпшен тазалау керек. Яғни тіс шетқасымен тазалау кезінде тіс толық тазаланбайды. Сонымен қатар тамақ жеп болған соң ауыз қуысын шаю маңызды. Егер де бұл процесс орындалмаған жағдайда тіс жетісі пайда болуы мүмкін, – дейді А.Тапалов.

Тіс емдеудің бағасы неге қымбат? Баска, баска тісің ауырмасын дегін келеді. Неліктен? Әлде жана технология қымбат па? Бұған да зер салып көрдік.

Стоматологтармен тілдесе келе, заманауи медициналық аппараттар шетелден, негізінен Корея мен Бразилиядан әкелінетінін білдік. Олардың құны еуро мен доллар

Басы 1-бетте

Әлеуметтік желілерді парактап отырсаңыз, түрлі түсті, сүйкімді әрі жүрекке жылы бенто-торттардан көз сүрінді. Шағын көлемі, мінсіз эстетикасы және жекелендірілген жазуларымен бұл торттар туған күңгерге, тосыншыларға, мерекелік құттықтауларға ең тамаша десертке айналды. Қалтаға қонымды, жүрекке жақын бұл торттар нағыз тәтті трендке айналған. Бенто-торттардың отаны – Оңтүстік Корея. Ал «Бенто» сөзі жапон тілінде «қораптағы тамақ», яғни ланч-бокс деген мағынаны білдіреді. Кейіннен кондитерлер осы идеяны десертке бейімдеп, көлемі шағын, жеке қорапшада ұсынылатын торт түрін жасап шығарды. Дәл осы ұғым шағын десертке шабыт беріп, нәтижесінде салмағы шамамен 500 грамм, диаметрі 10-12 сантиметр және биіктігі 6-8 сантиметр болатын миниатюралық тәтті дүниеге келді. Бұл тренд тез арада бүкіл әлемге тарап, қазірдің өзінде мерекелік кештердің сәніне айналып үлгерген. Кішкентай ғана бенто-торттың ерекшелігі – оның ықшамдығында және сыртындағы жазулары мен суреттері арқылы эмоция жеткізе алуында. Сондықтан да мұндай торттар әсіресе жастар арасында үлкен танымалдыққа ие болды. Заманауи кондитерлік өнер – дәм ғана емес, көркемдік пен креативтің қосындысы. Ал бүгінгі күні бұл таза нағыз шығармашылық пен таламды талап ететін өнер түріне айналды. Әсіресе, өз ісіне жанын беріп, сапа мен табиғилықты ұштастыра білген кондитерлердің еңбегі арқылы тәттіден нағыз шедеврлер дүниеге келуде. Осындай дарынды кондитерлердің бірі – Тілеулес Жаңболатқызы. Ол бірнеше жылдан бері кондитерлікпен айналысып, өзінің ерекше қолтаңбасы бар бенто-торттарымен танылып келеді. Осы орайда біз Тілеулес Жаңболатқызымен тілдесіп, оның кәсібі мен шабыт көзі жайлы сұхбаттастық.



– Сіз кондитерлікке қалай келдіңіз? Бұл салаға деген қызығушылығыңыз қалай пайда болды?

– Кішкентай кезімнен тәттіге ерекше әуестігім болды, сол себепті торттар мен оның жасалуына деген қызығушылығым бала кезімнен бастау алған. Студент шағымда жатақханада отырып, «YouTube»-тағы ресейлік кондитерлердің бейнероликтерін тамашалап, «шіркін, осындай құрал-жабдығым болса ғой, мен де сондай әдемі торттар пісірсем» деп жиі қиялдайтынмын. 2020 жылғы карантин көп адамға жана қабілетін ашуға мүмкіндік берді, мен үшін де солай болды. Әуелде бұл іспен кәсіби түрде айналысамын деп ойламап едім, бірақ уақыт өте түрлі идеялар келіп, жасаған торттарым адамдардың жүрегінен өз орнын таба бастады.

– Неліктен дәл бенто-торттар мен табиғи өнімдерге мән бересіз? Тәттілеріңізге қандай табиғи ингредиенттер қолданасыз?

– Қазір түнгі 12-де құттықтау қалыпты үрдіске айналды. Мұндай сәтте көпшілік үлкен тортқа артық шығындалудан гөрі, ықшам әрі сәнді бенто-тортты таңдағанды құп көреді. Бұл формат бағасының қолжетімділігімен де, тапсырыс беруге, жеткізуге және ұсынуға ыңғайлылығымен де ерекшеленеді. Бенто-торттың тағы бір артықшылығы кез келген тілек пен дизайнды оңай

қосуға болады. Дегенмен, мен үшін ең маңыздысы – өнімнің сапасы мен табиғилығы. Қазіргі экологиялық жағдайдың өзі алаңдатарлық, ал адамдардың көпшілігі күнделікті тұтынатын тағамның құрамына онша мән бермей жатады. «Ауру астан» демекші, әр адам өз денсаулығына ерекше жауапкершілікпен қарауы керек деп есептеймін. Сол себепті мен әрдайым тәттілерімде мүмкіндігінше табиғи әрі сапалы ингредиенттерді ғана қолдануға тырысамын. Бұл өзіме, тұтынушыларға және кәсібіме

«Бенто» торты шағын болғанымен, әсері ерекше



деген құрметімнің белгісі. Сол себепті мен әр тапсырысқа үлкен жауапкершілікпен қарап, ұялмай ұсынуға болатын табиғи өнім жасауға тырысамын. Тұтынушы сенімін ақтау үшін сапаға ерекше мән беремін. Осы жолда, ең алдымен, табиғи әрі қауіпсіз ингредиенттерді қолдануға күш саламын. Әр тәттім адамдарға тек қуаныш емес, денсаулыққа да пайдасын тигізсе екен деймін.

– Ерекше есте қалған тапсырыс бар ма?

– Әр тапсырыс мен үшін ерекше, әрқайсысы өз алдына бір бөлек оқиға. Әсіресе,

той торттары көп уақыт пен қосымша еңбекті талап етеді. Мұндай торттарды әзірлеу тек дәм жасап беру ғана емес, тұтас шығармашылық пен жауапкершілікті қажет етеді. Олардың безендірілуіне, сапасына, жеткізілуіне дейінгі әрбір кезеңіне аса мән беремін. Алып кетуген тапсырыс берушінің үйіне немесе мейрамханаға жеткізу кезінде түрлі қызық оқиғалар болып жатады. Кейде күтпеген кедергілер туындап, соны сәтті еңсергенде ерекше әсер аламын. Осы сәттер мен үшін кәсібімнің

«Бенто» торты шағын болғанымен, әсері ерекше

ең қызықты, әрі ұмытылмас бөліктерінің бірі.

– Бенто-торттарға сұраныс қандай? Осы форматта қандай трендтер байқайсыз?

– Соңғы уақытта бенто-торттарға сұраныс айтарлықтай артты. Көпшілік үлкен торты менерекеге алып, кейін оның біраз бөлігі ысырап болып қалатынын еңі айтады. Ал бенто-торт ең қолайлы, ықшам, көркем әрі тапсырыс берушінің талғамына сай жасалады. Бұл торттың тағы бір ерекшелігі – кез келген адам өзіне керекті көлемді ғана алады, әрі әр бенто-тортта ерекше тілектер, есімдер, көңіл-күйге сай жазулар жазылады. Жалпы кез келген десерттің шағын, жеке адамға арналған миниатюралық түрлері трендке айналып келеді. Яғни, минимализм мен даралықты ұнататындар үшін бенто-торттар нағыз заманауи тәтті.

– Тапсырыс берушілердің ең жиі қоятын тілектері қандай?

– Қазіргі тапсырыс берушілер ең алдымен торттың сыртқы көрінісіне, яғни безендірілуі мен эстетикасына ерекше мән береді. Көп адам үшін торт – тәтті ғана емес, фотоға әдемі түсетін, көңіл-күй мен сәтті айшықтайтын ерекше деталь. Сол себепті,

Қарапайым халықтың да жағдайын білдік. Біреуінің тісін емдетуге ақшасы жетсе, Кейбірінің қалтасы көтермеуі мүмкін. Өңімеменің әлқисасын тісін емдетіп, стоматологияның табанын тоздырып жүрген, тіптен несие рәсімдеп, зейнетақы қорындағы ақшасын тісіне жұмсап жүрген жандармен тілдесіп көрдік.

– Ақыл тісімді жұлдыруға кемі 75 мың теңгеден аса қаражат жұмсадым. Тістің күрделілігіне қарай бағасы да өсе береді. Яғни бір ақыл тіс жұлдыру 25000 теңгеден басталады. Ал оны емдеу тіпті қымбат. Ол үшін несие рәсімдеуге тура келді. Студенттерге де жеңілдік қарастырылса жақсы болар еді, – дейді студент Сәния Ерталапықызы.

Ал қызылордалық тұрғын Айсулу Құрмашаева тісін емдету үшін амалсыздан зейнетақы қорындағы қаржысын шешіп алғанын айтады.

– Тіс – адамның көркі. Тісін дұрыс болмаса, көпшілік ортада күле алмайсың, тіпті сөйлеуге де өзінді ыңғайсыз сезінесің, – дейді ол.

Алайда стоматология саласында сапасыз қызмет көрсететіндер де баршылық. Қызылорда тұрғыны Сағыныш Асқарбекова әлеуметтік желідегі жарнамаға алданып, жеке клиникаға барғанын айтады.

– Тісімнің түбірін толық алмай, инфекция түскен. Соның салдарынан жақ сүйегіме, құлағымна зақым келді. Жарнамаға, жалған пікірлерге сене бермеңіздер, – дейді ол.

Ұлттық статистика бюросының деректеріне жүгінсек, өткен жылдың үшінші тоқсанында стоматология саласында 56,3 миллиард теңгеден астам қаржыға қызмет көрсеткен. Оның ішінде 47,9 миллиард теңге халық есебінен түскен қаражат. Бұл көрсеткіштің өзі-ақ тіс ауруының халық арасында қаншалықты кең таралғанын көрсетеді. Қазіргі таңда елімізде стоматологиялық қызмет көрсететін 2947 заңды тұлға мен филиал, сондай-ақ 2921 жеке кәсіпкер тіркелген.

Қорытындылай келе, стоматология саласы бүгінгі таңда үлкен қарама-қайшылыққа толы. Бір жағынан, халықтың сұранысы жоғары. Екінші жағынан, бағасы қымбат, қолжетімсіз. Бірі баласын осы мамандықта оқытқысы келсе – грант тапшы, бірі тісін емдеткісі келеді – ақша тапшы. Ал мемлекетпен келісімшартқа отырып, халықты тегін емдеуге келіскендердің көпшілігі ақылы емдететіндерді бірінші кезекте жіберетіні. Оны көз көріп жүр.

Айдана БАХТИЯР

тапсырыс берушілер безендіру сапасы үшін бағасы сәл жоғары болса да төлеуге дайын. Әрине, дәм де аса маңызды, бірақ менің тәжірибеде алғашқы әсерді дәл сол сыртық көрініс береді. Әр торттың ұқыптылығы, тазалығы және әсемдігі бірінші орында тұруы керек деп санаймын. Осы ұстаныммен әр тәтті туындымды ұсынуамын.

– Болашақта өз брендтіңізді қалай естелеткісіз? Қандай биік максаттар бар?

– Алдағы уақытта өзімнің жеке брендтімі қалыптастырып,

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі номер – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі номер – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі номер – 1022)
Жауапты хатшы, бөлмелер - 40-11-10 (ішкі номер – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтанның көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 43103.18.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аттасына 2 рет, сәйкесі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғармасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4019 Тапсырыс №1549

Немірдің кезекші редакторы: Gaynar ҚОЖАХМЕТОВА